

**"Экономикалық қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру шаралары туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 6 мамырдағы N 3935 Жарлығын
іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 мамырдағы N 462

"Экономикалық қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру шаралары туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 6 мамырдағы N 3935 U983935_
Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 900 адамнан тұратын тергеу-оперативтік бөлімшелерінің штат санын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ішкі істер министрлігімен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитетімен бірлесе отырып, бюджет қаражатын берілетін штат санына сайма-сай қайта бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті он күн мерзім ішінде Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі